

**"Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомстволық наградалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 1539 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 тамыздағы № 762 қаулысы  
БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомстволық наградалары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 желтоқсандағы № 1539 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 8, 159-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомстволық наградаларымен марапаттау (ведомстволық наградаларынан айыру) қағидаларында:

«2. Ведомстволық наградалармен марапаттау» (ведомстволық наградалардан айыру )  
т ә р т і б і » д е г е н б ө л і м д е :

11-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Комиссия ведомстволық наградалармен марапаттауға (ведомстволық наградалардан айыруға) объективті көзқарасты қамтамасыз ету үшін осы қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомстволық наградаларының тізбесінде айқындалған орталық мемлекеттік органдарда жауапты хатшының бұйрығымен тұрақты негізде құрылады.»;

14-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Орталық мемлекеттік органның жауапты хатшысы Комиссия шешім шығарған сәттен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде:»;

15, 17, 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Ведомстволық наградадан айырылған адам оны мемлекеттік органның жауапты хатшысының тиісті бұйрығы қабылданған күннен бастап бір ай ішінде мемлекеттік органға қайтарады.»;

«17. Ведомстволық наградаларды тапсыруды орталық мемлекеттік органның жауапты хатшысы немесе оның тапсырмасы бойынша басқа да лауазымды адамдар жүргізеді .

18. Әрбір марапатталушыға ведомстволық наградаларды тапсырумен бір мезгілде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік органның жауапты хатшысы қол қойған тиісті куәлік беріледі.»;

«3. Ведомстволық наградалармен марапаттау негіздемелері» деген бөлімде:

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«34. «Әлеуметтік-еңбек саласының үздігі» төсбелгісімен еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында кемінде 5 жыл еңбек өтілі, қызметі бойынша оң мінездемесі бар, өздеріне жүктелген міндеттерді адал және кәсіби шеберлікпен орындап жүрген еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау саласының қызметкерлері, арадагерлері және басқа да адамдар марапатталады.»;

мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді:

мынадай мазмұндағы кіші бөлімдермен толықтырылсын:

«Жер қойнауының құрметті барлаушысы» төсбелгісі

73. «Жер қойнауының құрметті барлаушысы» төсбелгісімен Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің және экономиканың басқа да салаларының кемінде 10 жыл жұмыс істеген, геологияның дамуына және елдің минералдық-шикізат базасын басқаруға зор үлес қосқан қызметкерлері геологиялық барлау жұмыстарының бағыттарын ғылыми негіздегені, пайдалы қазбалардың кен орындарын ашқаны және оларды барлағаны үшін, геологиялық барлау жұмыстары практикасына ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін енгізгені үшін, өндірістік қызметте қол жеткізген жоғары нәтижелері үшін, геологиялық кадрларды дайындау және тәрбиелеу ісіндегі жетістіктері үшін, жемісті ғылыми және қоғамдық қызметі үшін, сондай-ақ геология және жер қойнауын пайдалану саласында шет елдермен табысты ынтымақтастық жасағаны үшін м а р а п а т т а л а д ы .

«Жер қойнауын барлаудың үздігі» төсбелгісі

74. «Жер қойнауын барлаудың үздігі» төсбелгісімен Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің және экономиканың басқа да салаларының кемінде 10 жыл жұмыс істеген, жер қойнауын геологиялық зерделеу, Қазақстан Республикасының пайдалы қазбаларының кен орындарын іздестіру және барлау ісіне жеке зор үлес қосқан қызметкерлері және осы ретте қол жеткізілген жоғары өндірістік, ғылыми, экологиялық және техникалық-экономикалық көрсеткіштер үшін марапатталады.

«Заң саласының үздігі» төсбелгісі

75. «Заң саласының үздігі» төсбелгісімен Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін орталық мемлекеттік органдардың заң қызметтерінің қызметі бойынша оң мінездемесі бар, өздеріне жүктелген міндеттерді адал және кәсіби орындайтын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес күнтізбелік есептеуде 10 жыл және одан астам еңбек сіңірген қызметкерлері м а р а п а т т а л а д ы . » ;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомстволық наградаларының тізбесінде және сипаттамаларында:

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомстволық наградаларының тізбесі» деген 1-бөлімнің «Төсбелгілер:» деген кіші бөлімінде:

8-тармақ мынадай мазмұндағы 9), 10), 11) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

«9) «Жер қойнауының құрметті барлаушысы»;

10) «Жер қойнауын барлаудың үздігі»;

11) «Туризм саласына сіңірген еңбегі үшін»;

12) «Туризм саласының үздігі».»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі:

«Мәдениет саласының үздігі».»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі:

1) «Дене шынықтыру және спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін»;

2) «Құрметті спорт қызметкері».»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі:

1) «Құрметті құрылысшы»;

2) «Құрметті сәулетші»;

3) «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының құрметті қызметкері».»;

мынадай мазмұндағы 16-тармақпен толықтырылсын:

«16. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін мемлекеттік органдар

:

«3 аң саласының үздігі».»;

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомстволық наградаларының сипаттамалары» деген 2-бөлімде:

«Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің төсбелгілері» деген кіші бөлім мынадай мазмұндағы тараулармен толықтырылсын:

«Жер қойнауының құрметті барлаушысы» (31-2-қосымша)

«Жер қойнауының құрметті барлаушысы» төсбелгісі диаметрі 24 мм шеңберге сызылған, биіктігі 35 мм қырланған бесбұрышты нысандағы сары түсті металдан (латуньнан) дайындалады.

Төсбелгі екі бөліктен тұрады: осы төсбелгінің жоғарғы (аспа) және төменгі тағаны. Төсбелгі шығыршық пен құлақша арқылы аспамен жалғанған.

Шеңбердің төменгі жартысында бір қолымен геологиялық балғаға сүйеніп тұрған,

екінші қолында таужынысының айшықты үлгісін ұстап тұрған геология барлаушысының айшықты күміс мүсіні бейнеленген.

Шеңбердің ортасында Қазақстан Республикасы картасының жасыл сұлбасы, оның сол жақ жоғары бөлігінде айшықты күміс бұрғылау мұнарасы бейнеленген.

Шеңбердің жоғары жартылай шеңбері бойынша көгілдір фонда - қазақ тілінде күміс әріптермен «Жер қойнауының құрметті барлаушысы» деген жазу.

Төменгі жартылай шеңбердің қарсы жақтарында - күміс лавр бұтақтары.

Шеңбер ортасынан шашыраған күміс сәулелер көрінеді. Қырланған бесбұрыш алаңы алтынмен қапталған.

Төсбелгінің теріс жағында шығыңқы алтын әріптермен алтын фонда:

«Геологиядағы зор еңбегі үшін» деген жазу жазылады:

Әрбір жазудан кейін ұлттық ою-өрнек бейнеленген.

Аспаның тағаны мемлекеттік ту бейнеленген төсем түрінде тікбұрыштан және алтынмен қапталған ұлттық ою-өрнек бейнеленген үшбұрыштан жасалған.

Төсбелгі киімге визорлы бекіткіші бар түйреуіш арқылы бекітіледі.

«Жер қойнауын барлаудың үздігі» (31-3-қосымша)

«Жер қойнауын барлаудың үздігі» төсбелгісі шағын шығыңқылығы бар металл дискі нысанындағы сары түсті металдан (латуньнан) дайындалады, шеңбердің диаметрі 30 мм, қалыңдығы 2 мм. Дискінің шығыңқы жағында жазулар мен бейне-нышандар салынған:

дискінің тұйық айналасында ені 3 мм болатын алтын жалатылған лента жолағы өтеді, оның үстінде қазақ тілінде көк түсті әріптермен – жоғарғы жартысында – «Қазақстан Республикасы», төменгі жарытысында «Жер қойнауын барлаудың үздігі» деген жазу жазылады. Жазулар ұлттық ою-өрнек элементтерімен бөлінген; дискінің шеңберінде Қазақстан Республикасы картасының сұмасы (карта жасыл эмальмен қапталған);

карта сұлбасының ортасында екі айқасқан алтын түсті геологиялық балға; карта сұлбасының жоғарғы бөлігінде алтын түсті айшықты бұрғылау мұнарасы бейнеленген;

шеңбердің жоғарғы бөлігін (бұрғылау мұнарасының жартысы деңгейінде) айшықты сейсмотолқын қиып өтеді.

Белгі шеңберінің бос алаңы көгілдір эмальмен құйылған.

Төсбелгі киімге визорлы бекіткіші бар түйреуіш арқылы бекітіледі.»

«Туризм саласына сіңірген еңбегі үшін» (39-қосымша)

«Туризм саласына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі биіктігі 32 мм, ені 25 мм және қалыңдығы 2 мм тікбұрыш нысанындағы латуньнан дайындалады.

Белгінің ортасында көгілдір фонда алтын түсті реңкте бүркіттің қанатында Қазақстанның картасы бар жер шары бейнеленген.

Белгінің жоғарғы бөлігінде «ТУРИЗМ САЛАСЫНА СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН»

деген жазу орналасқан. Жер шарының жоғарғы бөлігінде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» деген жазу орналасқан.

Қондырмасы – мельхиор, көк эмаль, қызыл эмаль.

Белгі киімге визорлы бекіткіші бар түйреуіш арқылы бекітіледі.

«Туризм саласының үздігі» (41-қосымша)

«Туризм саласының үздігі» төсбелгісі биіктігі 32 мм, ені 25 мм және қалыңдығы 2 мм тікбұрыш нысанындағы латунынан дайындалады.

Белгінің бет жағында қою жасыл фонда Қазақстан Республикасының картасы бейнеленген. Картаның жоғары бөлігінде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» деген жазу, төменгі бөлігінде «ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ» деген жазу орналасқан.

Белгі киімге визорлы бекіткіші бар түйреуіш арқылы бекітіледі.»;

«Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің төсбелгісі» деген кіші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің төсбелгісі  
«Мәдениет саласының үздігі» (37-қосымша)

«Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі диаметрі 34 мм шеңбер нысанында алтын түстес металдан дайындалады.

Шеңбердің ішінде күннің, шаңырақтың және ұлттық ою-өрнектің бейнесі, төменде алтын түстес «МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ» деген жазу орналасқан.

Белгі құлақша мен шығыршық арқылы ені 34 мм және биіктігі 18 мм көгілдір түсті қатқыл лентамен қапталған тікбұрышты тағанмен жалғанады.

Белгі киімге визорлы бекіткіші бар түйреуіш арқылы бекітіледі.»;

«Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің төсбелгілері» деген кіші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің төсбелгілері

«Дене шынықтыру мен спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (38-қосымша)

«Дене шынықтыру мен спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі латунынан дайындалады және көлемі 38x28 мм күрделі нысандағы аспаны білдіреді. Белгіні дайындауда қызыл және көк түсті эмаль пайдаланылады.

Белгінің бет жағындағы төменгі бөлікте «желбіреген лента» фонында «ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МЕН СПОРТТЫ ДАМЫТУҒА СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» деген жазу орналасқан. Белгінің ортасында айқастырылған екі алаудың фонында барыстың бейнесі орналасқан. Белгінің шеттерінде лавр бұтақтары орналасқан.

Белгі құлақша мен шығыршық арқылы ені 25 мм және биіктігі 37 мм көк түсті қатқыл лентамен қапталған тікбұрышты тағанмен жалғанады.

Белгі киімге визорлы бекіткіші бар түйреуіш арқылы бекітіледі.

«Құрметті спорт қызметкері» (40-қосымша)

«Құрметті спорт қызметкері» төсбелгісі диаметрі 42 мм сегіз ұшты жұлдыз

н ы с а н ы н д а

д а й ы н д а л а д ы .

Белгі үш бөліктен тұрады - негіз, қондырма және жапсырма. Негізге бекітілетін жапсырмасы бар қондырма алаңы негіздің басты сәулелерінің үстіне орналасқан он екі сәулелі алтын жалатылған сәулелермен көмкерілген. Негіз күміс қорытпасынан дайындалған.

Қондырма шеті аймақтарында бүртіктер орындалған диаметрі 23,3 мм дұрыс шығыңқы шеңбер болып табылады. Шығыршық бойы ішкі бүртік пен жапсырма алаңының арасында «ҚҰРМЕТТІ СПОРТ ҚЫЗМЕТКЕРІ» деген жазу айналдыра орналасқан.

Белгі құлақша мен шығыршық арқылы ені 26 мм және биіктігі 30 мм көгілдір түсті қатқыл лентамен қапталған тікбұрышты тағанмен жалғанады. Таған латунынан дайындалады.

Белгі киімге визорлы бекіткіші бар түйреуіш арқылы бекітіледі.»;

«Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің төсбелгілері деген кіші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің төсбелгілері:

«Құрметті құрылысшы» (43-қосымша)

«Құрметті құрылысшы» төсбелгісі диаметрі 28 мм және қалыңдығы 2 мм шеңбер нысанында мыс-никель қорытпасынан дайындалады.

Белгінің бет жағында шартты түрде бедерлі өрнектелген шаңырақты айналдыра «ҚҰРМЕТТІ ҚҰРЫЛЫСШЫ» деген жазу шығыңқы орналастырылады. Шаңырақтың іші және жазулар қою көк түсті эмальмен қапталған.

Белгінің сыртқы жағында тіркеу нөмірі орналасқан. Белгінің қыры тегіс.

Белгі құлақша мен шығыршық арқылы ені 25 мм және биіктігі 15 мм қара көк түсті қатқыл лентамен қапталған тікбұрышты тағанмен жалғанады.

Белгі киімге визорлы бекіткіші бар түйреуіш арқылы бекітіледі.

«Құрметті сәулетші» (44-қосымша)

«Құрметті сәулетші» төсбелгісі диаметрі 28 мм және қалыңдығы 2 мм шеңбер нысанында мыс-никель қорытпасынан дайындалады.

Белгінің бет жағында шартты түрде өрнектелген шаңырақты айналдыра «ҚҰРМЕТТІ СӘУЛЕТШІ» деген жазу орналастырылады. Шаңырақтың іші және жазулар қою көгілдір түсті эмальмен қапталған.

Белгінің сыртқы жағында тіркеу нөмірі орналасқан. Белгінің қыры тегіс.

Белгі құлақша мен шығыршық арқылы ені 25 мм және биіктігі 15 мм қою көгілдір түсті қатқыл лентамен қапталған тікбұрышты тағанмен жалғанады.

Белгі киімге визорлы бекіткіші бар түйреуіш арқылы бекітіледі.»;

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының құрметті қызметкері» (45-қосымша)

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының құрметті қызметкері» төсбелгісі диаметрі 28 мм және қалыңдығы 2 мм шеңбер нысанында мыс-никель қорытпасынан

д а й ы н д а л а д ы .

Белгінің бет жағында шартты түрде өрнектелген шаңырақты айналдыра «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының құрметті қызметкері» деген жазу шығыңқы орналастырылады. Шаңырақтың іші және жазулар қою көгілдір түсті эмальмен қ а п т а л ғ а н .

Белгінің сыртқы жағында тіркеу нөмірі орналастырылады. Белгінің қыры тегіс.

Белгі құлақша мен шығыршық арқылы ені 25 мм және биіктігі 15 мм қою көгілдір түсті қатқыл лентамен қапталған тікбұрышты тағанмен жалғанады.

Белгі киімге визорлы бекіткіші бар түйреуіш арқылы бекітіледі.»;  
мынадай мазмұндағы «Заң саласының үздігі» деген кіші бөліммен толықтырылсын:

«Заң саласының үздігі» төсбелгісі (47-қосымша)

«Заң саласының үздігі» төсбелгісі диаметрі 42 мм сегіз ұшты жұлдыз нысанында  
д а й ы н д а л а д ы .

Белгі үш бөліктен тұрады - негіз, қондырма және жапсырма. Негізге бекітілетін жапсырмасы бар қондырма алаңы негіздің басты сәулелерінің үстіне орналасқан көп сәулелі күміс жұлдызбен көмкерілген. Негіз және сәулелер күміс қорытпасынан  
д а й ы н д а л ғ а н .

Қондырма шеті аймақтарында бүртіктер орындалған диаметрі 23,3 мм дұрыс шығыңқы шеңбер болып табылады. Шығыршық бойы ішкі бүртік пен жапсырма алаңының арасында «ЗАҢ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ» деген алтын жалатылған жазу, ал төменгі бөлігінде алтын жалатылған ұлттық ою-өрнек бар. Мәтін мен ою-өрнек  
ж ы л т ы р а ғ а н ш ы ғ ы ң қ ы .

Белгінің беткі жағында ортасында «Фемида» сот төрелігінің көне грек жебеуші әйелінің алтын жалатылған шығыңқы суреті орналасқан.

Белгі шеңберінің бос алаңы ақ эмальмен құйылған.

Белгі құлақша мен шығыршық арқылы ені 26 мм және биіктігі 30 мм көгілдір түсті қатқыл лентамен қапталған, ортасында алтын түсті ұлттық ою-өрнек орналасқан  
ү ш б ұ р ы ш т ы та ғ а н м е н жал ғ а н а д ы .

Белгі киімге визорлы бекіткіші бар түйреуіш арқылы бекітіледі.»;  
осы қаулыға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес Сипаттамаларға 31-2, 31-3 және 47-  
қ о с ы м ш а л а р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2013

ЖЫЛҒЫ

2

ТАМЫЗДАҒЫ

№

762

ҚАУЛЫСЫНА

1-қосымша

Сипаттамаларға

31-2-қосымша

### «Жер қойнауының құрметті барлаушысы» төсбелгісі



Аверс

Реверс



Қазақстан

Үкіметінің

2013

ЖЫЛҒЫ

2

ТАМЫЗДАҒЫ

№

762

ҚАУЛЫСЫНА

2-қосымша

Сипаттамаларға

31-3-қосымша



# «Жер қойнауын барлаудың үздігі» төсбелгісі



Аверс

Реверс



Қ а з а қ с т а н

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

2

№ 7 6 2 қ а у л ы с ы н а

3-қосымша

С и п а т т а м а л а р ғ а

47-қосымша

Р е с п у б л и к а с ы

т а м ы з д а ғ ы

# «Заң саласының үздігі» төсбелгісі



Аверс

26 мм



Реверс



Ø 42 мм



